



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 787 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне өзгерістердің жобасын мақұлдау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қазан N 1112

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 P010655 \_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 787

P010787\_

қаулысымен

мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне өзгерістердің жобасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

Қаулысы

Алматы қаласы 2002 жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына

өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 U010543\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 V011568\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9 Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index индексі - Merrill Lynch компаниясының өтеу мерзімі алты айға дейін АҚШ-тың қазынашылық вексельдерінен тұратын индексі. Кірістілік және тәуекел көрсеткіштері күн сайын есептеліп отырады.";

33-тармақтағы "Salomon" деген сөз "Merryll Lynch" деген сөздермен ауыстырылсын;

44-тармақтағы кесте мынадай редакцияда жазылсын:

---

! Эталон ! Ең аз ! Ең көп

---

Белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар портфелі	75%	65%	85%
---	-----	-----	-----

---

Акциялар портфелі	25%	15%	35%
-------------------	-----	-----	-----

---

45-тармақта:

"60%-нен" деген сөздер "75%-нен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"40%-нен" деген сөздер "25%-нен" деген сөздермен ауыстырылсын;

60-тармақтың 1) тармақшасындағы "100" деген сан "50" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, ал оның күші 2002 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап бес күн мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің назарына жеткізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары - Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қазандағы  
N 1112 қаулысымен  
мақұлданған

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.